

Ермұқанов Е.Н.¹ Сүтеева Х.А.²

¹ *Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институттының
Әлем тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

² *Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институттының
Әлем тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҢ БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада рухани жаңғыру аясындағы ұлттың бәсекелік қабілеттілігінің мәселелері көтеріледі. Жеке адам, тұтас халық бәсекеге қабілетті болу үшін цифрлық технологияны, шетел тілдерін білуі, мәдени және конфессияаралық келісімді ұстануы шарт. Бұл бағытта елімізде атқарылып жатқан іс-шараларға барынша талдау жасалады. Бәсекеге қабілетті елдер қатарынан көріну мақсатындағы жүзеге асырылып жатқан жұмыстар кең көлемде сараланады.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, бәсекелік қабілет, үш тілде білім беру, цифрлы Қазақстан, конфессияаралық келісім.

Ermukanov E.N.¹ Suteeva H.A.²

¹ *candidate of historical sciences, associate professor of the Department of World History,
Kazakh National Pedagogical University Abay*

² *Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of World History,
Kazakh National Pedagogical University Abay*

PRECONDITIONS FOR THE COMPETITIVENESS OF THE NATION IN THE FRAMEWORK OF SPIRITUAL MODERNIZATION

Abstract

The article raises the problems of the nation's competitiveness in the framework of the modernization of spiritual education. In order for a person and the entire nation to be competitive, it is necessary to know digital technologies, foreign languages, and adhere to cultural and interfaith harmony. In this direction, an analysis of the activities carried out in the country is being carried out. The work carried out with a view to becoming one of the most competitive countries will be widely differentiated.

Key words: spiritual modernization, competitive ability, trilingual education, Digital Kazakhstan, interfaith harmony.

Ермұқанов Е.Н.¹ Сүтеева Х.А.²

¹ *к.и.н., доцент кафедрасы Всемирной истории Института истории и права КазНПУ имени Абая*

² *д.и.н., профессор кафедрасы Всемирной истории Института истории и права КазНПУ имени Абая*

ПРЕДПОСЫЛКИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИИ В РАМКАХ ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ

Аннотация

В статье поднимаются проблемы конкурентоспособности нации в рамках модернизации духовного образования. Для того, чтобы человек, весь народ был конкурентоспособным, необходимо знать цифровые технологии, иностранные языки, придерживаться культурного и межконфессионального согласия. В этом направлении проводится анализ проводимых в стране

мероприятий. Широко дифференцированы работы, осуществляемые с целью появления в рядах конкурентоспособных стран.

Ключевые слова: рухани жаңғыру, конкурентная способность, трехязычное образование, Цифровой Казахстан, межконфессиональное согласие.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» және 2017 жылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдаулары мен үстіміздегі жылғы сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақстан қоғамының бәсекелік қабілеттілігінің аса өзектілігіне баса назар аударта келе, «қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады»[1] деген ой тастайды.

Елбасы «бәсекелік қабілет дегеніміз- ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» дей келе, бәсекеге қабілеттіліктің маңызына ерекше көңіл бөлген.

Келешекте ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен бағаланатыны айқын. Осы орайда әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени және конфессияаралық келісім сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Ұлттың бәсекелелік қабілеті ең алдымен оның білімділік деңгейімен айқындалады. Яғни адами капитал сапасын жақсарту үшін білім беру жүйесінің моделі өзгеруге тиіс. Оқыту бағдарламалары сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағытталуы қажет.

Бұл бағытта елімізде 2016 жылдан қолға алынған жаңартылған оқу мазмұнына көшу орта білім беру жүйесінде басталып та кетті. Елбасының 2018 жылғы Жолдауында орта білім беру мекемелерінің барлығы толықтай оған 2021 жылы көшетіндігін атап көрсетті.

Білім берудің жаңа сапасы ең алдымен оқу бағдарламаларының бірыңғай стандарттарын енгізумен тығыз байланысты. Жаңа бағдарламалар, оқулықтар мен маман кадрлар білім берудің барлық деңгейлерінде оқыту сапасын көтеруге бағытталып отыр. Әсіресе, жас буынды жаңа ІТ технологияны меңгеруге дайындауда маңызы ерекше.

Ұлттың бәсекелік қабілеті ең алдымен оның көп тілділігімен айқындалады.

Үкімет елімізде үш тілді білім беруге кезең-кезеңмен көшуді қолға алып отыр. Үш тілде білім беру бүгінгі уақыттың да талабы. Бүгінде әлемде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарық көреді. Оның көлемі жыл сайын артып келеді. Жалпы әлем елдерінің 70% астамы көптілділікті ұстанады. Алайда ағылшын тілі осының ішінде өмірдің қай-қай саласы болмасын басымдыққа ие болып отыр.

Елімізде үш тілде білім беру тәжірибесі 2007 жылы 33 мектепте бастау алған. Толық көптілді білім беру моделі 1992 жылдан бері «Білім» инновация лицейінде (бұрынғы қазақ-түрік лицейі), 2008 жылдан Назарбаев зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылып келеді. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2015- 2020 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес үш тілде оқыту эксперименталды мектептердің тәжірибесі бойынша (10-11 сыныптарында кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту) 2019 жылдан бастап енгізіледі[2]. Оған дейін арнайы орталықтарда білім беретін мұғалімдерді дайындап, білікті мамандардың жетіспеушілігін шешу қолға алынды.

Үш тілділікке көшуде шағын жинақталған мектептерде жүзеге асыру оңайға түспесі анық. Өйткені мұндай мектептердің материалдық-техникалық базасы әлі де сын көтермейді. Оның үстіне тілдерді үйрететін лингвафон және жаратылыстану пәндерін оқытатын кабинеттерімен жабдықталуы әлі де шешімін таба қойған жоқ. Қазақстанда барлық мектептердің 40% астамын құрайтын шағын жинақталған мектептерді ірі елді мекендердегі мектептерге шоғырландыру немесе басқа да шараларын қолға алмай бұл мәселе өткір күйінде қала бермек.

Үш тілде білім беру жоғары оқу орындарында әрбір пән бойынша ағылшын тілінде оқытатын мамандар даярлауға да тікелей байланысты.

Қазіргі таңда 42 жоғары оқу орнында үш тілде мамандар даярланғанымен орта білім беру жүйесіндегі кадрларды арнайы курстардан өткізуді жалғастыра беру өте өзекті.

Тұтас ұлттың бәсекелік қабілеттілігін арттырудағы маңызды мәселе-тікелей адами капиталдың сапасы болмақ.

Адами капитал дегеніміз адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамилығы мен кәсіби құндылығы саналады. Яғни білімді адамның мәртебесі артпақ.

Қазіргі жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне негізделіп ұлттың бәсекелік қабілеттілігінің рейтингісі дайындалады. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі жаһандық зерттеулер мен әлем елдерінің экономикалық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші бойынша онымен қоса жүретін рейтингіде 2016 жылы Қазақстан 53 орынды иеленді (2015 жылы-42 орын, 2014 жылы-50 орын).

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі әртүрлі экономикалық даму деңгейінде дамыған әлем мемлекеттерінің ұлттық бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын 114 көрсеткіш ішінен Қазақстан 40 көрсеткіш бойынша өсім, 65 көрсеткіш бойынша азаю байқалса, 9 көрсеткіш бойынша өзгеріссіз қалған[2]. Адам Дамуының Индексі (АДИ) бойынша адами капитал 1) халықтың сауаттылығы және біліммен қамтылуымен; 2) өмір жасағының ұзақтығымен; 3) жан басына шаққандағы табысымен өлшенетіні белгілі. Ал осы АДИ деңгейі бойынша Қазақстан жоғары елдердің қатарында[3,28-б.].

Жалпы мұндай индекс экономикалық даму және бәсекелестік жолында кедергілерді жоюды мақсат тұтқан мемлекеттер үшін экономикалық саясат пен тұрақты экономикалық прогреске жету бағдарында қолданылуы керек деп болжанады.

Олай болса, бәсекелелік қабілеттілікке-адамның тұрмыс жағдайы, құқықтары мен бостандықтары, жалпы адам өміріне қатысты барлық құндылықтар жатады. Міне осы дүниелердің барлығының бір қоғамда шоғырлануы-бәсекеге қабілеттілік болып табылады. Бір сөзбен айтқанда бәсекелестік қабілет тек экономикалық көрсеткіштер ғана емес, ол тұтас қоғамдық сана мен әлеуметтің жаңаруы мен дамуы. Ал оны жаңғыртушы- мына біз бен сіз секілді азаматтар.

Қоғамның бәсекелік қабілеттілігін айқындауда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының алар орны ерекше.Бұл мәселе алғаш ҚР Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында[4] жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді.

Цифрлы технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары-ақ батыл енгізіле бастады. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынды. Компьютерлер кеңседе де, үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланыла бастады, ақпаратпен орындалатын кез келген жұмыс компьютер көмегімен жүзеге асырылатын болды. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды. Сымсыз телефондар, желілік телеарна-осы бағдарламаның жемісі. Жаңа дамып келе жатқан жасанды интеллект белгілі бір алгоритм жоқ жерде пайдалануға жол ашады.

2011 жылдың 18 қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ұлттық жерсеріктік «Отау TV» телерадиохабар тарату желісі іске қосылған болатын.Бүгінде ұлттық оператор қызметін пайдаланатын отбасылар саны миллионнан асады.

Президенттің Жолдауында елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылды. Ал ол үшін, ең алдымен, тағы сол IT саласына басымдық беріледі.

Жалпы, Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын сәтті басталған. Оған мысал-«eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе аласыз. Құжат рәсімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және өзге қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Бұл істер алдағы кезде одан әрі жетілдіріле түседі.

2017 жылғы Жолдауда елімізде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жеделдету белгіленді. Ақпараттық технологиялар қарыштап дамып бара жатқан мына заманда IT саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын. Өйткені, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді.

Жолдауда Елбасы: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл –маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және де басқа перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты».[4]-деп нақты бағдар берді.

Қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80

пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлы хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде. Бұл үшін соңғы жылдары аталған бағдарлама аясында елімізде 244 радиотелевизиялық станса іске қосылмақ.

«Цифрлы Қазақстан» тек бір ғана IT саласын ғана емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Бағдарлама ІЖӨ-дегі IT- секторының үлесін 2020 жылға дейін 5 пайызға жеткізуді жоспарлап отыр. IT- секторында 150 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Еңбек өнімділігі 37 пайызға жеткізіледі. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да басты міндет, ол 85 пайызға дейін жеткізілетін болады.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда 4 бағыт бар. Бірінші бағыт- ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт- экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шарушылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны ендіру. Үшіншісі- мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт- IT-мамандарды дайындау[4].

Цифрлы технологияның халқымыздың жартысы ауылда тұрып, сол жерде нәпақасын айырып отырған ауыл шарушылығы саласына да берері көп. Әлемге әйгілі «Microsoft» компаниясының қожайыны Билл Гейтс ойлап тапқан «Оракул» деген компьютерлік бағдарлама ауылшаруашылық жерлерінің хал-ахуалын санаулы ғана уақыт ішінде талдаудан өткізіп, қандай жағдайда екенін айтып бере алады. Дәл қазір Қазақстанда егістік пен жайылымның көбі жекенің қолында және пайдаланылмай жатқаны белгілі. Ал аталған бағдарлама сол жер иелерінің кім екенін, жерді қанша уақыттан бері пайдаланбай жатқанын анықтай алады. Демек, «Цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында Билл Гейтстің «Оракулы» да елімізде кең қолданысқа енуі әбден мүмкін.

Цифрлы технология бұдан бөлек денсаулық сақтау және білім беру салаларында да қолданыста. Оны жетілдіру мақсатында Қазақстан мектептерінде электронды күнделік қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар, педагогтар да атқарған жұмыстарының есебі мен жоспарларын қағаз күйінде емес, электронды үлгіде тапсыра алады.

Жалпы мұның бәрі халықтың бақуатты өмір сүруі үшін жасалып жатқан шаралар. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, еңсесі тік көтерілгенде ғана Қазақстан дамыған өркениетті елдердің қатарына, яғни алдыңғы отыздыққа қосыла алады. Ал, бұл мақсатқа жету үшін еліміз Үшінші жаңғыруды еңсеруі тиіс. Алдағы кезде замана көшінен қалғысы келмеген әрбір азамат, мамандар, ғалымдар мен студенттер ұялы байланыс, телекоммуникация, сандық ТВ, кең жолақты интернет, ақпараттық технологиялар, Е-үкімет, Е-сауда, интерактивті жарнама және әлеуметтік медиа саласындағы өзекті тақырыптардан тыс қалуына болмайды.

Ұлттың бәсекелік қабілеттілігін дамытуда мәдени және конфессияаралық келісімнің де алар орны ерекше.

Қазіргі таңда елімізде мақсаты мен мүддесі ортақ, ынтымағы жарасқан 130-дан астам этнос пен 18 конфессияға тиесілі 3700-ге жуық діни бірлестіктер тең құқылы өмір сүріп жатыр. Мемлекет оларға ешқандай қысым мен шектеулер қоймаған. Діни бірлестіктердің бәрі заң алдында тең. Мемлекет дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнықтыруға жәрдемдеседі. Дін барлық уақытта ұлттың рухани тірегі, қоғамды топтастырушы құрал болған, әрі ұлттың қасиетті сипаты да.

Дініміздің үлкен жанашыры Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астанада 2003 жылдан бері өтіп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бес Съезі соның айқын көрінісі. Съездерге қатысқан әлемдік және ұлттық діндердің жетекшілерімен қатар белгілі саясаткерлер, мемлекет пен беделді халықаралық ұйымдардың басшылары рухани келісім мен дінаралық төзімділікті орнатуда Қазақстаннан алатын тәжірибе мен үлгінің мол екендігін атап өтті. Діндер мен мәдениеттер арасындағы жаһандық диалогты ілгерілетудегі Астана Съезінің үлесі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының резолюцияларында да атап көрсетілді.

Конфессияаралық қатынастар саласына деген назардың күшеюі 2016 жылы Қазақстанда Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің құрылғанынан да айқын көрінеді. Оған діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, азаматтардың сенім бостандығына құқығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, мемлекет пен азаматтық сектор арасындағы өзара ынтымақтастық саласындағы функциялар мен уәкілеттіктер берілді. Негізгі міндеттерінің бірі-елдің тарихи және мәдени мұрасын сақтай отырып, қоғамның тек материалдық қана емес, рухани байлығын қорғауды қамтамасыз ететін зайырлы қоғам құндылықтары мен мұраттарына сәйкес келетін саясат жүргізу болып табылады.

Қазақстандағы дін саласындағы мемлекеттік саясат келесі қағидаттарға сүйенеді:

- мемлекет пен оның институттарының зайырлы, конфессиялық бейтарап саясаты;
- адам мен азаматтың дінге көзқарасына, діни немесе зайырлы бірлестіктерге қатыстылығына карамастан олардың құқықтары мен бостандықтары тең;
- діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі;
- халықтың түрлі топтарының этномәдени дәстүрлеріне, менталитет ерекшеліктеріне деген құрмет;
- ар-ождан мен дін бостандығы саласында тек конституциялық құрылым негіздерін, адам мен азаматтардың денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қажет ететін жағдайлардан өзге шектеулер қойылмайды;
- мемлекеттік билік пен басқарудың барлық деңгейлерінде ар-ождан мен дін бостандығы саласындағы саясатты ашық жүргізу.

Қазіргі таңда Қазақстанда 8 жоғары (соның ішінде 2 ислам, 1 католик, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнайы орта және 3 жалпы білім беретін діни оқу орындары бар. Сондай-ақ жаңа мешіттер, шіркеулер, синагогалар салынууда. Халық арасында дінге сенетін адамдар қатары көбейіп келеді. Діндер арасында халықтың 90%-дан астамын құрайтын мұсылмандар мен христиандарының саны басым[5].

Бүгінде қазақ халқының өзге діни сенімдерге құрметі, толеранттылығы мен түсінушілігі бірігу факторына, еліміздегі қоғамдық тұрақтылық пен мемлекеттік дамуды қамтамасыз етудің басты шартына айналды. Қазақ елі әлемге конфессияаралық келісім моделін қалыптастырушы мемлекет ретінде танылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017.*
2. *Нұрқатова Ләззат. Бәсекеге қабілеттілік-басты өлшем //Айқын, 19 мамыр 2017.*
3. *Амангелді Айталы. Адами капитал деген не? //Ақиқат, №5, мамыр, 2017*
4. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Астана: Елорда, 2017.*
5. *Смағұлов Е. Конфессияаралық келісімнің Қазақстандық тәжірибесі. /http:Kazislam.kz., 31.08.2013.*